БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.
_____ М.М. Умуркулова
«___» _____ 2026 ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
қосымша білім беру туралы
ЕРЕЖЕСІ

(23.10.2026 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №4 хаттамасы)

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы қосымша білім беру туралы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына; Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңына; Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V ҚРЗ «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 «Педагогикалық қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленіп, іске асырылады.

1.2 Осы Ереже Үздіксіз білім беру институтының бағдарламалары бойынша оқыту форматын регламенттейді. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

1.3 Қосымша білім беру бағдарламалары сыртқы ортаның қажеттілігін, университет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қажеттілігін, кадрларды қайта даярлауға мемлекеттік тапсырысты және заңды және жеке тұлғалармен жасалған

шарттарды ескере отырып, ішкі және сыртқы тұтынушылар үшін әзірленеді.

1.4 Қосымша білім беру бағдарламалары тыңдаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын және «өмір бойы білім алу» қағидатын қамтамасыз ететін қосымша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

1.5 Қосымша білім беру бағдарламалары туралы ақпарат университет сайтында орналастырылады. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

1.6 Қосымша білім беру курстарында оқитын тұлға тыңдаушы болып табылады.

1.7 Қосымша білім беру бағдарламасына қабылдау тыңдаушының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

1.8 Қосымша білім беру бағдарламаларына қабылданғаннан кейін университет пен тыңдаушы арасында шарт жасалады.

1.9 Оқу процесі 40 немесе 80 сағатқа есептелген. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

1.10 Тыңдаушы online және offline форматтарында оқи алады.

1.11 Үздіксіз білім беру институтында оқу тыңдаушылардың барлық санаттары үшін ақылы болып табылады. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).* Оқу ақысы бекітілген ақылы қызметтер прейскурантында айқындалған.

1.12 Сабақтардың мазмұны, тақырыптары, тақырыптарды модульдер бойынша бөлу жұмыс бағдарламаларында көрсетіледі.

1.13 Қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеру тыңдаушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

1.14 Оқыту нәтижелері бойынша ҚарҰЗУ-дың тиісті үлгідегі сертификаты беріледі (1-қосымша).

1.15 Тыңдаушылар оқу бағдарламаларында белгіленген оқу жұмысының барлық түрлерін орындауға, сондай-ақ Академиялық адалдық қағидаларын сақтауға міндетті.

2. Қосымша білім беру форматтары

Университетте қосымша білім беру екі форматта жүзеге асырылады: біліктілікті арттыру форматы және педагогикалық қайта даярлау форматы. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

2.1 Біліктілікті арттыру форматы

2.1.1 Біліктілікті арттыру курстары тапсырыс берушінің (қатысушының) өтініші және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру туралы ректордың бұйрығы, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру туралы шарт (сыртқы тыңдаушылар үшін) негізінде жүргізіледі.

2.1.2 Біліктілікті арттыру келесі нысандарда жүзеге асырылады:

- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қосымша білім беру факультетінде біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқыту;

- тиісті лицензиясы бар басқа білім беру және ғылыми ұйымдарда қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;
- өз мамандығының бағыты бойынша көшпелі мектептерге, тақырыптық және проблемалық семинарларға қатысу;
- білім беру жүйесінде академиялық жұмыс тәжірибесімен алмасу бойынша мақсатты және шетелдік іссапарларға қатысу;
- жетекші ғылыми-зерттеу ұйымдарында, білім беру мекемелерінде, өндірісте кәсіби бейіні бойынша тағылымдамадан өту.

2.1.3 Біліктілікті арттыру бағдарламаларының негізгі міндеттері:
- теориялық ережелер мен тұжырымдамаларды талдаудың практикалық әдістері мен тәсілдерін үйрету;
- нақты практикалық міндеттерді шешуде заманауи теориялық және ғылыми-техникалық әдістерді қолданудың біліктері мен дағдыларын игерту.

2.1.4 Біліктілікті арттыру бағдарламалары тиісті ғылыми-зерттеу және оқу зертханаларының, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің мамандандырылған кабинеттері мен аудиторияларының базасында немесе тапсырыс берушінің базасында жүргізіледі.

2.1.5 Біліктілікті арттыру бағдарламасының жетекшісі ретінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессор-оқытушылар құрамынан нақты бағыт бойынша білікті маман тағайындалады.

2.2 Педагогикалық қайта даярлау форматы

2.2.1 Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасының тыңдаушысы кәсіптік білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш кірісетін тұлға болып табылады.

2.2.2 Тыңдаушыларды педагогикалық қайта даярлаудың мақсаты білім беру бағдарламалары бойынша қосымша білім, білік және дағдыларды алу, кәсіби қызметтің жаңа түрін орындау үшін қажетті жекелеген пәндерді, ғылым, техника және технология бөлімдерін оқып-үйрену болып табылады.

2.2.3 Университет Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру бағдарламалары тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламалары бойынша педагогикалық қайта даярлауды жүзеге асырады.

2.2.4 Білім беру бағдарламасы 40 кредиттен тұрады.

2.2.5 Білім беру бағдарламасы пәндерінің тізбесі, мазмұны және көлемі Педагогтің кәсіби стандартымен айқындалған.

2.2.6 Қайта даярлау бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері оқытушылық, тәрбиелеушілік, әдістемелік, зерттеушілік және әлеуметтік-коммуникативтік еңбек функцияларына және педагогтің кәсіби стандарты деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

2.2.7 Бағдарламаға түсуші тұлғалар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясының хатшысына талаптарға сәйкес құжаттарды тапсырады.

2.2.8 Оқу мерзімі: 5 ай. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

2.2.9 Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасынан сәтті өткен

тыңдаушыларға педагог ретінде кәсіби қызметпен айналысу құқығын беретін белгіленген үлгідегі сертификат беріледі.

3. Біліктілікті арттырудың жұмыс бағдарламаларын және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібі

3.1 Жұмыс бағдарламасын (бұдан әрі-ЖБ) кафедра оқытушылары ішкі талаптарға сәйкес әзірлейді (1-қосымша).

3.2 ЖБ өзектілендірген, мақсаты болуы, практикаға бағдарланған болуы, қосымша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған міндеттерді көрсетуі тиіс.

3.3 ЖБ даярлау бағыты бойынша кафедра меңгерушісімен келісіледі және Үздіксіз білім беру институтының директорына ұсынылады. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

3.4 ЖБ-ны академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасымен енгізілді).*

3.5 ЖБ әзірлеушісі оқытудың өзекті бағдарламаларын ұсына алатын, әдістемелік дағдыларды меңгерген, ғылыми-педагогикалық немесе практикалық жұмыс тәжірибесі бар бағдарлама жетекшісі ретінде тартылған сыртқы сарапшы бола алады.

1 -қосымша

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

БЕКІТЕМІН
Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма мүшесі-проректор
«____»_____20 ж.

Біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«_____»

ӘЗІРЛЕНДІ

_____
«____»_____20 ж.

КЕЛІСІЛГЕН
Кафедра меңгерушісі

_____
«____»_____20 ж.

ҮББИ директоры
Г.Б. Саржанова

«____»_____20 ж.